

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
ЗАҢНАМА ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚТЫҚ АҚПАРАТ  
ИНСТИТУТЫНЫҢ ЖАРШЫСЫ  
ҒЫЛЫМИ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖУРНАЛЫ  
ISSN 2788-5283  
eISSN 2788-5291  
TOM 81, НӨМІРІ 1(2026), 214-224

ӘОЖ 341.24;341.3  
FTAMP 10.87.68  
DOI 10.52026/2788-5291\_2026\_81\_1\_214  
Ғылыми мақала

© Г.Т. Ищанова<sup>1</sup>, Н.Е. Байгелова<sup>2\*</sup>, Г.С. Калиева<sup>3</sup>, 2026

<sup>1,2,3</sup> Қ. Сағадиев атындағы Халықаралық бизнес университеті, Алматы, Қазақстан  
(e-mail: <sup>1</sup>Gulnar.ishchanova@mail.ru; <sup>2</sup>Nbaygelova@mail.ru; <sup>3</sup>Kalieve-g@mail.ru)

## ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ ҚАРУЛЫ ҚАҚТЫҒЫСТАРДА ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУДЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУ

**Аннотация.** Бұл зерттеу қазіргі халықаралық гуманитарлық құқық үшін аса өзекті мәселеге арналған. Ол ғылым мен техниканың қарқынды дамуымен және бұл жетістіктердің әскери мақсаттағы жаңа қару түрлерін әзірлеу мен қолдану саласына енгізілуімен тығыз байланысты. Бүгінгі таңда ғылым мен технология көз ілеспес жылдамдықпен дамып, қоғамның барлық саласына тереңдей еніп келеді. Бұл үрдістен әскери өнеркәсіп те тыс қалған жоқ. Мемлекеттердің қарулы арсеналдарына мүмкіндіктері жетілдірілген жаңа буындағы қару түрлерінің енгізілуі халықаралық құқықтық реттеу үшін елеулі қиындықтар тудыруда. Себебі, технология дамыған сайын қарулы қақтығыстардың жаңа кеңістіктері пайда болуда. Соның ішінде ерекше назар аударарлық сала – киберкеңістік. Соған қарамастан, халықаралық гуманитарлық құқық мемлекеттердің заманауи, аса қауіпті қару түрлерін қолдануына тосқауыл қоюға бағытталған тиімді құқықтық тетіктерге ие. Бұл тұрғыда, әсіресе, халықаралық гуманитарлық құқықтың негізгі қағидаттары мен құқықтық әдет-ғұрып нормалары маңызды рөл атқарады. Олар өздерінің әмбебап сипатымен соғыс құқығын тек қазіргі кезеңде ғана емес, болашақта да реттеуге қабілетті. Осы мақаланың тақырыбын ашу мақсатында соғыс құқығы ретіндегі халықаралық гуманитарлық құқықтың негізін қалаған халықаралық құжаттар пайдаланылды. Бұл зерттеудің мақсаты – қазіргі әскери қақтығыстарда заманауи технологияларды қолдануға байланысты қалыптасқан жағдайды талдап, оларды халықаралық гуманитарлық құқық аясында құқықтық реттеу мүмкіндігін қарастыру болды. Сондай-ақ, соғыс қақтығыстарына тартылған бүкіл әлем мемлекеттері ең алдымен бейбіт халықтың құқықтары мен азаматтық инфрақұрылымды қорғау мақсатында сақтауы тиіс соғыс жүргізудің әмбебап қағидаттарына ерекше назар аударылды.

**Түйінді сөздер:** халықаралық гуманитарлық құқық; Женева конвенциясы; соңғы технологиялар; құқықтық реттеу; қарулы қақтығыс; компьютерлік технологиялар.

### Кіріспе

Қазіргі әлем интеграциялық үдерістер мен жаңа технологиялардың даму қарқыны тұрғысынан алғанда, артық айтқандық болмас, адамзат өркениетінің ежелгі кезеңдерінен бастап ХХ ғасырға дейінгі барлық даму сатыларынан асып түсті. Бұл үдерістердің қозғаушы күші – интернет кеңістігінің шексіз мүмкіндіктері мен жаһандық қолжетімділігі.

Бүгінгі кезеңде мемлекеттер, үкіметтік емес ұйымдар, іскер топтар, ғылыми орта және жеке адамдар бір-бірімен ертеде болмаған деңгейде өзара байланысқан және өзара тәуелді бола түсті. Бұл байланыс интернет кеңістігі

пайда болғанға дейін тіпті елестетуге де келмейтін құбылыс болатын<sup>1</sup>. Сонымен қатар, әскери құрылымдардың компьютерлік жүйелер мен желілерге деген тәуелділігі геометриялық прогресси-ямен артып келеді. Нәтижесінде, тарихта қалыптасқан дәстүрлі соғыс жүргізу кеңістіктерге (құрлық, теңіз, әуе) қосымша ретінде, «төртінші» жаңа – киберкеңістік пайда болды. Киберкеңістік ХХ ғасырдың екінші жартысынан бастап әскери іс-қимылдардың бұрын болмаған жаңа алаңына айналды.

Әлбетте, бұл жаңа кеңістік те жоғарыда аталған дәстүрлі салалар секілді құқықтық реттеуге жатады. Алайда,

\* хат-хабарларға арналған автор. E-mail: nbaygelova@mail.ru.

<sup>1</sup> The number of Internet and social media users worldwide as of October 2024 // URL: <https://www.statista.com/statistics/617136/digital-population-worldwide/> (date of reference: 06.06.2025).

бұл саланың спецификалық табиғаты мен дамуының жоғары қарқыны халықаралық гуманитарлық құқықтың (ХГҚ) уақытылы құқықтық реттеу жүргізуіне елеулі кедергілер келтіріп отыр. Технологиялық революция қарқынына ілесе алмау салдарынан, халықаралық құқық жаңа әрі аса қауіпті қару түрлерінің жасалуы мен қолданылуын уақтылы қамти алмай жатыр [1, 153 б.].

Халықаралық жария құқықтың негізгі салаларының бірі ретінде халықаралық гуманитарлық құқық (бұдан әрі – ХГҚ) қарулы қақтығыстар жағдайында қолданылатын құқықтық нормалар кешенін қамтиды. Бұл сала комбатанттар мен бейбіт тұрғындардың құқықтық мәртебесін ажыратып, реттейді. Сол себепті, ХГҚ-ты «соғыс құқығы» деп атау әділетті тұжырым болмақ. Аталған құқық саласы әскери қажеттілік пен адамгершілік принциптерінің арасындағы тепе-теңдікті сақтай отырып, қарулы қақтығыстар кезінде бейбіт халықты қорғаудың шекарасын белгілейді. Бұл тепе-теңдік бұзылған жағдайда, ең алдымен бейбіт тұрғындардың құқығы бұзылатыны анық, ал бұл өз кезегінде, халықаралық гуманитарлық құқықтың нормаларын қайта қарау немесе жаңаларын қабылдау қажеттігін туындатады.

Осыған байланысты, соғыс барысында жаңа технологияларды, құралдарды және әдістерді қолдану мемлекеттер тарапынан мұқият бақылауға алынып, халықаралық құқық аясында реттелуге тиіс. Мәселен, фармацевтикалық биотехнологияның дамуы салдарынан адамзат үшін аса қауіпті әрі жойқын бактериологиялық (биологиялық) қарудың жасалу қаупі туындады. Осындай қауіптің салдарынан 1975 жылы күшіне енген «Бактериологиялық (биологиялық) және уытты қаруларды әзірлеуге, өндіруге және олардың қорын жинақтауға тыйым салу және оларды жою туралы» Конвенция қабылданды<sup>2</sup>. Бұл құжат – биологиялық қару-жарақтың

бастапқы және туынды түрлерін өндіруге алғаш рет халықаралық деңгейде тыйым салған маңызды қадам болды. Аталған Конвенция әлем мемлекеттерінің ұзақ жылғы күш-жігерінің нәтижесі ретінде дүниеге келіп, халықаралық гуманитарлық құқық саласындағы бұрынғы келісімдерге лайықты толықтыру ретінде қабылданды.

### Материалдар мен әдістер

Бұл зерттеудің ғылыми негізін халықаралық гуманитарлық құқықтың негіздерін белгілейтін бірқатар маңызды халықаралық құжаттар құрады. Атап айтқанда:

- Жарылғыш және өртегіш оқ-дәрілерді қолдануға тыйым салу туралы Санкт-Петербург декларациясы (1868 ж.)<sup>3</sup>;

- Тұншықтырғыш газдарға тыйым салу туралы Гаага декларациясы (IV, 2), 1899 ж. 29 шілде<sup>4</sup>;

- Құрлықтағы соғыс заңдары мен әдет-ғұрыптары туралы Конвенция (IV) және оған қосымша Құрлықтағы соғыс заңдары мен әдет-ғұрыптарына қатысты ереже. Гаага, 1907 ж. 18 қазан<sup>5</sup>;

- Тұншықтырғыш, уытты және басқа да осындай газдарды, сондай-ақ бактериологиялық құралдарды соғыс жағдайында қолдануға тыйым салу туралы Женева хаттамасы. 1925 ж. 17 маусым және басқа да құжаттар<sup>6</sup>.

Авторлар қойған мақсат: зерттеліп отырған тақырыпты жан-жақты ашу; тарихи және салыстырмалы талдау әдістерін қолдану арқылы жүзеге асыру. Сонымен қатар, тарихи жағдайларды сараптай отырып, әскери қақтығыстарды құқықтық реттеу қажеттілігінің қандай тарихи алғышарттар мен жаңа факторларға байланысты туындағанын түсіну үшін тарихи деректерге сүйенген салыстырмалы талдау әдісі қолданылды. Жаңа технологияларға негізделген заманауи қару түрлері мен олардың ықтимал салдары да зерттеу аясында талдауға алынды.

<sup>2</sup> Convention on the Prohibition of the Development, Production and Stockpiling of Bacteriological (Biological) and Toxin Weapons and on Their Destruction. London, Moscow and Washington, April 10, 1972 // URL: <https://legal.un.org/avl/ha/cpdpsbttwd/cpdpsbttwd.html> (date of reference: 06.06.2025).

<sup>3</sup> Declaration Renouncing the Use, in Time of War, of Explosive Projectiles Under 400 Grammes Weight. Saint Petersburg, 29 November / 11 December 1868 // URL: <https://ihl-databases.icrc.org/en/ihl-treaties/st-petersburg-decl-1868> (date of reference: 06.06.2025).

<sup>4</sup> Declaration (IV,2) concerning Asphyxiating Gases. The Hague, 29 July 1899 // URL: <https://ihl-databases.icrc.org/en/ihl-treaties/hague-decl-iv-2-1899> (date of reference: 06.06.2025).

<sup>5</sup> Convention (IV) respecting the Laws and Customs of War on Land and its annex: Regulations concerning the Laws and Customs of War on Land. The Hague, 18 October 1907 // URL: <https://ihl-databases.icrc.org/en/ihl-treaties/hague-conv-iv-1907/state-parties> (date of reference: 06.06.2025).

<sup>6</sup> Protocol for the Prohibition of the Use of Asphyxiating, Poisonous or Other Gases, and of Bacteriological Methods of Warfare. Geneva, 17 June 1925 // URL: <https://ihl-databases.icrc.org/en/ihl-treaties/geneva-gas-prot-1925> (date of reference: 06.06.2025).

### Нәтижелер және талқылау

XXI ғасырда халықаралық гуманитарлық құқық үздіксіз дамып жатқан ғылым мен технологияның үнемі төндіріп отыратын сын-қатерлеріне тап болып отыр. Қазіргі заманғы соғыстар ғылым мен техника жетістіктерін қоғамның басқа да салаларынан кем пайдаланбайды. Осыған орай, соңғы үлгідегі компьютерлік және ақпараттық технологиялармен жабдықталған киберсоғыстар (ақпараттық соғыстар) қазіргі қарулы қақтығыстардың ажырамас элементіне айналды.

Жаңа технологиялардың дамуы прогрессивті әрі адамгершілік сипатқа ие болуы мүмкін, яғни олар соғыс апатынан бейбіт халықты қорғауда айтарлықтай пайда әкеле алады. Мысалы, цифрлық технологиялар саласындағы соңғы жетістіктер – спутниктік бақылау жүйелері, жоғары дәлдікке ие навигациялық және фотофиксациялық құралдар, ғарыштан зондтау мүмкіндіктері және т.б. – қарсылас күштер мен олардың нысандарының орналасқан жерін барынша дәл анықтауға мүмкіндік береді. Мұндай нақты деректер қарсылас нысандарына дәл және тиімді соққы беруге жағдай жасап, бейбіт тұрғындар арасындағы шығынды барынша азайтады.

Бұл өз кезегінде, ажырату, пропорционалдылық және теңгерімділік қағидаттарының сақталуын қамтамасыз етеді. Өйткені дәлелді әрі нақтыланған мәліметтерге негізделген әскери операциялар бейбіт тұрғындарға елеулі зиян келтірместен әскери мақсаттарға қол жеткізуге мүмкіндік береді [2].

Сондай-ақ, заманауи соғыстардың технологиялық сипаты әскери іс-қимылдарға тікелей қатысушылар – комбатанттар үшін де қауіп-қатер деңгейін төмендетуі мүмкін екенін атап өткен жөн. Мысалы, «стелс» технологиясына негізделген сандық датчиктермен жабдықталған жоғары технологиялық қару-жарақтар әуе шабуылына қарсы қорғаныс жүйелерімен анықталмай, экипажға жауынгерлік тапсырманы адам өміріне ең аз қауіппен орындауға көмектеседі.

Алайда салыстырмалы артықшылықтарына қарамастан, заманауи технологиялар халықаралық гуманитарлық құқық үшін елеулі проблемалар туындаып отыр. Мәселен, компьютерлік вирустарды қолдану арқылы бейбіт

тұрғындардың өмірін қамтамасыз ететін маңызды инфрақұрылымдар – су және электрмен жабдықтау, медициналық көмек көрсету, көлік жүйелері секілді – толық істен шығарылуы мүмкін. Мұндай әрекеттер, егер әскери мақсатта жүзеге асырылса да, соғыс құралдары мен әдістеріне қойылатын халықаралық нормаларды тікелей бұзады. Сондықтан кез келген ғылыми-техникалық жаңалық адам өмірі мен денсаулығына бұрын болмаған жаңа қауіп-қатерлер төндірмес үшін, халықаралық қауымдастық тарапынан үнемі бақылауда болуы тиіс және тиісті халықаралық-құқықтық құжаттар арқылы дер кезінде шектелуі қажет. Бұл құжаттар Біріккен Ұлттар Ұйымына мүше барлық мемлекеттер үшін міндетті сипатқа ие болуы тиіс. Халықаралық гуманитарлық құқықтың басты міндеті – заманауи технологиялардың барлық мүмкін қолданылу жолдарын ескере отырып, қарулы қақтығыстар жүргізілу тәртібін барынша нақты әрі тиімді реттеу [3].

Сонымен қатар, адамға тікелей өлімге әкелетін әсері дәлелденбеген, алайда әлеуетті қауіп тудыруы мүмкін қару түрлерін – мысалы, көмірсутектік, акустикалық, молекулярлы-биологиялық, химиялық және басқа да жаңа технологиялық жүйелерді – халықаралық гуманитарлық құқық аясында қарастыру мәселесі ғылыми және құқықтық тұрғыдан әлі де пікірталас тудырып отыр. Егер бұл ғылыми-техникалық ізденістер саласын халықаралық гуманитарлық құқықтың нысаны ретінде танитын болсақ, онда бұл қару-жарақ түрлерін жаңа буын қаруы ретінде заңды түрде мойындау қажеттілігі туындайды. Бұл өз кезегінде, олардың халықаралық бақылауға алынуын талап етеді. Дегенмен, аталған қарулардың нақты әскери қақтығыстар жағдайында адам өмірі мен денсаулығына әсері жөнінде жеткілікті әрі сенімді ғылыми деректер әлі де жоқ [4].

Жоғарыда келтірілген жайттар ғылым мен техниканың әскери мақсатта қолданылуына байланысты халықаралық гуманитарлық құқық алдында тұрған көптеген сын-қатерлердің бір бөлігі ғана. Қазіргі заманғы соғыстар қарулы қақтығыстарды жүргізудің жаңа деңгейіне көшті, ол – киберкеңістік деп аталады. Адамзат тарихында

ертеден бері технологиялар дәл осындай шапшаңдықпен дамымаған болатын. Осыған байланысты, жоғары технологиялық жаңалықтар кеңінен қолданылатын соғыс жүргізу әдістерін тиісті деңгейде егжей-тегжейлі құқықтық реттеу халықаралық гуманитарлық құқық үшін аса күрделі міндетке айналып отыр. Өйткені технологияны енгізу қарқыны оны құқықтық бақылау мүмкіндігінен озық келеді. Бұл жағдай құқықтық жүйені қайта қарауға негіз береді. Егер қазіргі соғыстардың технологиялану жылдамдығына халықаралық құқық ілесе алмайтыны мойындалатын болса, онда соғысушы тараптардан адамзат қауымдастығы қабылдаған және қалыптастырған негізгі қағидаттарды бұлжытпай сақталуы талап етілуі тиіс [4].

1868 жылы желтоқсанда Санкт-Петербургте қабылданған «Жарылғыш және өртегіш оқ-дәрілерді қолдануға тыйым салу туралы декларация» халықаралық гуманитарлық құқықтың негізін қалаған алғашқы келісімдердің бірі болды. Бұл тарихи құжат алғаш рет қарудың жаңа түрлерін қолданудың қауіпті келешегін құқықтық тұрғыдан назарға алды. Құжатты әзірлеуге қатысқан мемлекеттер былай деп атап өтті: «ғылымның болашақтағы дамуы қару-жарақ пен қарулы күштерді жетілдіруге әсер етуі мүмкін екендігін ескере отырып... соғыс қажеттіліктерін адамгершілік заңдарымен үйлестіру қажет»<sup>7</sup>.

1899 және 1907 жылдары Нидерландының Гаага қаласында өткен екі бейбітшілік конференциясында халықаралық гуманитарлық құқықтың негізгі қағидаттары қаланды. Бұл конференциялардың нәтижесінде қабылданған Гаага конвенциялары соғыс заңдары мен дәстүрлерін кодификациялады. Айта кету керек, 1907 жылғы Гаага конференциясы аясында қабылданған халықаралық құжаттар бүгінде де қарулы қақтығыстарды құқықтық реттеудің маңызды құралдарының бірі болып табылады.

<sup>7</sup> Geneva Convention relative to the Protection of Civilian Persons in Time of War. 12 August 1949 // URL: <https://www.ohchr.org/en/instruments-mechanisms/instruments/geneva-convention-relative-protection-civilian-persons-time-war> (date of reference: 06.06.2025).

<sup>8</sup> Сол жерде.

<sup>9</sup> Protocol additional to the Geneva conventions of 12 August 1949, and relating to the protection of victims of non-international armed conflicts (protocol ii), of 8 June 1977 // URL: <https://www.ohchr.org/en/instruments-mechanisms/instruments/protocol-additional-geneva-conventions-12-august-1949-and-0> (date of reference: 06.06.2025).

<sup>10</sup> Hague Conventions of 1899 and 1907 // URL: [https://en.wikipedia.org/wiki/Hague\\_Conventions\\_of\\_1899\\_and\\_1907#:~:text=The%20Hague%20Conventions%20of%201899%20and%201907%20were%20the%20first,during%20the%20American%20Civil%20War](https://en.wikipedia.org/wiki/Hague_Conventions_of_1899_and_1907#:~:text=The%20Hague%20Conventions%20of%201899%20and%201907%20were%20the%20first,during%20the%20American%20Civil%20War) (date of reference: 06.06.2025).

Конференцияның басты идеяларының бірі – агрессивті сыртқы саясат жүргізетін мемлекеттерді демилитаризациялау, Бұл маңызды мәселе Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін Біріккен Ұлттар Ұйымының бастамасымен қабылданған бірқатар халықаралық шарттарда жалғасын тапты. Мысалы, қарулы қақтығыстар құқығы Гаагада қабылданған халықаралық құжаттарда көрінісін тапты: 1949 жылғы Женева конвенциясында «Соғыс кезінде азаматтық халықты қорғау туралы»<sup>8</sup>, оған 1977 жылы қабылданған Қосымша хаттамаларда<sup>9</sup>, сондай-ақ БҰҰ Бас Ассамблеясының қарарларында және басқа да құжаттарда кодификацияланды.

Аталған құжаттарда әскери құралдарды қолдануда халықаралық әдет-ғұрыптың маңызы атап көрсетілді. Бұл әдеттер қару-жарақтың белгілі бір түрлеріне тыйым салуға негіз болды. Атап айтқанда, тыйым салынған қарулар қатарына:

- таңдамайтын, яғни нақты нысанаға бағытталмаған қарулар;
- адамның ішкі ағзалары мен тіндеріне шамадан тыс зақым келтіретін, шексіз физикалық азап туғызатын құралдар;
- биологиялық, химиялық, ядролық және басқа да жойқын қарулар кірді [5, 278 б.].

Осылайша, Гаага конференцияларында соғысты гуманизациялау бағыты бойынша қаланған құқықтық негіздер Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі кезеңде халықаралық деңгейде жалғасын тапты. Бұл құжаттардың қазіргі халықаралық гуманитарлық құқық үшін маңыздылығы – оларда технологиялық жетілдірілген қару түрлеріне қатысты тыйым салудың нақты қағидаттары мен тетіктері бекітілгенін айталамыз. Әмбебап сипатқа ие қағидалар тек сол кездегі ғана емес, сонымен қатар келешекте пайда болатын жаңа, одан да қауіпті әрі жойқын қару түрлеріне де қолданылуы мүмкін<sup>10</sup>.

Халықаралық Қызыл Крест Комитетінің (ХҚКК) құқықтық басқар-

масының жетекшісі Кнут Дорманның айтуынша, қазіргі заманғы технологияларды қарулы қақтығыстарда қолдануға қатысты құқықтық реттеуші ретінде 1949 жылғы 12 тамыздағы Женева конвенциясына 1977 жылы қабылданған Қосымша хаттама пайдаланылуы мүмкін. Атап айтқанда, аталған құжаттың 36-бабы – «Қару-жарақтың жаңа түрлері» былай дейді:

«Қару-жарақтың, соғыс жүргізу құралдары мен әдістерінің жаңа түрлерін зерттеу, әзірлеу, сатып алу немесе қарулану мақсатында қабылдау барысында, әрбір қатысушы тарап олардың қолданылуы белгілі бір немесе барлық жағдайларда осы Хаттамада немесе осы тарапқа қолданылатын халықаралық құқықтың кез келген нормаларында көзделген тыйым салынғандарға жатады ма, соны анықтауы тиіс»<sup>11</sup>.

Бұл ереже қару-жарақтың нақты түрі мен класын анықтаудың әдісін көрсетпейді, алайда мұндай жауапкершілікті келісуші тараптың өзіне – яғни мемлекетке жүктейді. Мемлекет бұл процесті ұлттық деңгейде «ішкі сараптама» әдісі арқылы жүзеге асырады және халықаралық келісімнің жалпы ережелеріне сәйкес жаңа қару түрінің қолданылуына рұқсат береді немесе тыйым салады [6].

Сонымен қатар, мемлекеттер соғыс жүргізудің жаңа қару немесе әдісін қолдану соғыс құқығы нормаларына қайшы келмейтініне көз жеткізуі тиіс.

Ядролық қаруды қолданудың заңдылығына қатысты БҰҰ-ның Халықаралық соты өзінің кеңесші қорытындысында халықаралық гуманитарлық құқықтың жалпыға бірдей қағидаларын әдеттік норма ретінде бекітті, осылайша әдеттегі халықаралық құқықтың негізін құрды.

Барлық соғысушы тараптар ұстануға міндетті аса маңызды қағидаттар мыналар болып табылады:

- әскери және азаматтық нысандарды ажырата алмайтын қаруды жасау мен қолдануға тыйым салу қағидаты;
- комбатанттар (қарулы күштердің жауынгерлері) мен бейбіт тұрғындарды ажырату қағидаты;

- әскери қажеттілікке сай келмейтін, комбатанттарға шамадан тыс физикалық азап келтіретін немесе осындай азапты күшейтіп, ұзартатын қару түрлерін жасау мен қолдануға тыйым салу қағидаты [7, 301 б.].

Жаңа қару түрлерінің шығарылуы мен қолданылуына бақылау жасайтын мемлекеттер, олардың тыйым салынған қару түрлеріне жатпайтынына көз жеткізуге міндетті, бұл Қосымша хаттама І-де бекітілген жоғарыда аталған қағидаттармен реттеледі.

Аталған хаттаманың 1-бабының 2-тармағында «Мартенс ескертпесі» деп аталатын ереже келтірілген. Бұл ережеде былай делінген: «Осы Хаттамада немесе басқа да халықаралық келісімдерде қарастырылмаған жағдайларда, азаматтық тұлғалар мен комбатанттар бұрыннан қалыптасқан әдет-ғұрыптардан, адамгершілік қағидаттарынан және қоғамдық ар-ождан талаптарынан туындайтын халықаралық құқықтың ережелерінің қорғауында қала береді»<sup>12</sup>.

БҰҰ Халықаралық соты бұл ереженің қазіргі заманға өзектілігін мойындап, оның жаңа әскери технологиялардың қарқынды дамуына тиімді жауап ретінде қалыптасқан құқықтық құрал екенін атап өтті [8].

Сонымен қатар сот технологиялық дамудың және оның қару-жарақ жүйелеріне әсерінің маңыздылығын мойындай отырып, халықаралық гуманитарлық құқық нормаларын жоққа шығаруға болмайтынын атап көрсетті. Бұл нормалар әмбебап сипатқа ие және мемлекеттердегі қару-жарақ саласындағы жаңалықтарға байланысты болашақтағы жағдайларды да реттеуге қабілетті қағидаттар мен тетіктерді қамтиды [8].

Қазіргі уақытта халықаралық гуманитарлық құқықтың негізгі қағидалары мен нормаларын кеңінен тарату және жүзеге асыру мақсатында бірқатар халықаралық ұйымдар қызметтерін жүзеге асырды. Бұл бағытта Халықаралық Қызыл Крест Комитеті (ХҚКК) айрықша рөл атқарады. ХҚКК соғыс жүргізудің өзі де белгілі бір шектеулерге бағынуы тиіс деген қағиданы ұстанады. Бұл шектеулер әскери әрекеттердің

<sup>11</sup> Protocols additional to the Geneva conventions of 12 august 1949 // URL: [https://www.icrc.org/sites/default/files/external/doc/en/assets/files/other/icrc\\_002\\_0321.pdf](https://www.icrc.org/sites/default/files/external/doc/en/assets/files/other/icrc_002_0321.pdf) (date of reference: 06.06.2025).

<sup>12</sup> Article 1 – General principles and scope of application // URL: <https://ihl-databases.icrc.org/en/ihl-treaties/api-1977/article-1?activeTab=> (date of reference: 06.06.2025).

әдістері мен құралдарына, сондай-ақ соғысушы тараптардың мінез-құлқына қатысты қолданылады<sup>13</sup>.

Сондай-ақ халықаралық құқық халықаралық гуманитарлық құқық нормаларын бұзғаны үшін жауапкершілік көздейді – мемлекеттер де, сондай-ақ жеке тұлғалар, атап айтқанда соғыс қылмыскерлері ретінде жауапқа тартылуы мүмкін [9].

Қазіргі технологиялардың дамуы аясында компьютерлердің кең ауқымды соғыстар мен жергілікті әскери қақтығыстар жағдайында қолданылуы мен ерекше мәртебесіне назар аудару қажет. Әскери операцияларды дайындау және жүргізу үдерісін компьютерлендіру бірнеше ондаған жыл бұрын басталған болатын. Соның нәтижесінде «кибершайқас» (немесе киберсоғыс) ұғымы пайда болды.

Компьютерлер қарулы күштердің әртүрлі салаларында қолданылады, мысалы:

- әскери техниканы басқару және оны соғыс алаңына жеткізу;
- жеке құрамның қозғалысын үйлестіру;
- барлау мәліметтерін өңдеу;
- навигация және әскери нысандарға дәл соққы жасау, т.б.

Осыған байланысты, қазіргі қақтығыстар жағдайында компьютерлік технологияларды қолдану мәселесі халықаралық құқық тұрғысынан қалай реттелетіні нақтылауды қажет етеді. Тікелей адамның өзі компьютерлік технологияларды қолданғанда айтарлықтай қауіп тумайды. Алайда, қашықтан басқарылатын қару-жарақ пен техниканы қолдану – яғни, адамның тікелей қатысуынсыз нысандарды жою міндеті жүктелетін технологиялар – халықаралық құқықтық реттеудің назарында болуы тиіс [10].

Мысалы, Ауғанстан мен Йеменде қашықтан басқарылатын және «Хеллфайр» зымырандарымен жабдықталған «Предейтор» ұшқышсыз аппараттары сәтті пайдаланылған болатын. Қазіргі таңда ұшқышсыз ұшу аппараттары (ҰҰА) барлық соғысушы елдердің арсеналында бар, себебі олар сериялық өндіріс

жолына қойылған<sup>14</sup>.

Заманауи компьютерлер аса күрделі жауынгерлік тапсырмаларды орындай алады. Соған қарамастан, адамның әскери шешімдер қабылдаудағы рөлі әлі де маңызды. Алайда, сарапшылар мен ғалымдар қазіргі шынайылыққа сүйене отырып, адамды әскери шешім қабылдау үдерісінен ығыстырып шығаратын компьютерлік технологиялардың пайда болу ықтималдығының жоғары екендігін болжайды. Бұл өз кезегінде, әскери жағдайды адамгершілік тұрғысынан бағалауға және бейбіт халықтың қауіпсіздігін барынша қамтамасыз етуге ұмтылатын адам сезімдері мен эмоцияларының әлсіреу қаупін тудырады.

Осыған байланысты, 1977 жылғы Қосымша хаттама І-нің 57-бабында былай делінген: «Шабуылды жоспарлайтын немесе оны жүзеге асыру туралы шешім қабылдайтын тұлғалар: і) шабуыл нысандары бейбіт тұрғындар немесе азаматтық нысандарға, арнайы қорғалатын объектілерге жатпайтындығына, нақты әскери нысандар екеніне барынша көз жеткізу үшін барлық мүмкін шараларды қабылдауы тиіс»<sup>15</sup>.

Аталған халықаралық құжат, сондай-ақ, бейбіт тұрғындардың өліміне, жаралануына немесе азаматтық нысандарға келетін залалға жол бермеу немесе оны мүмкіндігінше азайту мақсатында, шабуыл жасау әдістері мен құралдарын таңдауда барлық мүмкін сақтық шараларын қабылдауды міндеттейді<sup>16</sup>.

Осылайша, Қосымша хаттама І қазіргі кезеңдегі әскери қақтығыстарда заманауи технологиялар мен әдістерді қолдану үдерісін ғана емес, сонымен қатар болашақта пайда болатын неғұрлым жетілдірілген технологиялардың қолданылу мүмкіндігін де алдын ала ескеріп, реттейді. Бұл халықаралық құжат әмбебап сипатқа ие, өйткені ол бүкіл әлемдік қауымдастыққа таралады және қазіргі де, болашақтағы да әскери қақтығыстарды құқықтық реттеу аясында қарастырады.

Мақала авторларының пікірінше, жүргізілген талдау негізінде халықаралық гуманитарлық құқықтың (ХГҚ) нор-

<sup>13</sup> International humanitarian law. Answers to your questions // URL: <https://www.icrc.org/sites/default/files/external/doc/en/assets/files/other/icrc-002-0703.pdf> (date of reference: 06.06.2025).

<sup>14</sup> General Atomics MQ-1 Predator // URL: [https://en.wikipedia.org/wiki/General\\_Atomics\\_MQ-1\\_Predator](https://en.wikipedia.org/wiki/General_Atomics_MQ-1_Predator) (date of reference: 06.06.2025).

<sup>15</sup> Article 57 – Precautions in case of attack // URL: <https://ihl-databases.icrc.org/en/ihl-treaties/api-1977/article-57> (date of reference: 06.06.2025).

<sup>16</sup> Сол жерде.

мативтік әмбебаптығы мен құндылықтық тұрақтылығы жоғары болғанына қарамастан, қарулы қақтығыстардың жедел технологиялануы жағдайында, әсіресе киберкеңістік пен автономды жүйелер саласында, әлі де белгілі бір құрылымдық қысымға ұшырап отырғаны жөнінде қисынды қорытынды жасауға болады. ХГҚ-ның негізгі күші әрбір жаңа қару түрін егжей-тегжейлі реттеуде емес, оның қалыптасқан қағидаттарында – ажырату, пропорционалдылық, гуманизм қағидаттарында және Мартенс ескертпесінде жатыр, себебі бұл қағидаттар құқықты жаңа зорлық формаларына бейімдеуге және соғыстарда гуманизм қағидаттарды сақтауға мүмкіндік береді. Осы тұрғыдан алғанда, құқықтық реттеуді технологиялық дамудан кейін қалмай ілесуге бағыттаудың орнына, жаңа қару түрлеріне ұлттық деңгейде құқықтық сараптама жүргізу мен халықаралық бақылау механизмдерін күшейтуге басымдық беру орынды болып табылады. Сонымен қатар, бұл соғыстың дегуманизациялану қаупін төмендетіп, ғылыми-техникалық прогрестің қарқынды жағдайда да бейбіт тұрғындарды қорғау басымдығын сақтауға мүмкіндік береді.

### Қорытынды

Қазіргі әлем компьютерлік технологиялардың жаңа дәуіріне аяқ басқан шақта, интернет пен онымен байланысты барлық үдерістерге тәуелділігі күрт артты. Бұл үрдісті тоқтату мүмкін емес. Кибер соғыс қазіргі уақытта кез-келген мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігіне елеулі қауіп төндіретін деңгейге жетті.

Жаңа және жетілдірілген технологиялардың келуімен ақпараттық және цифрлық соғыстардың ауқымы дүниежүзілік қауымдастық тарапынан алаңдаушылық тудыруда. Мемлекеттер киберсоғыстың ең қауіпті сипаты – кенеттен және алдын ала болжау мүмкін еместігі екенін мойындауға мәжбүр. Қауіпсіздікті қамтамасыз етуге ерекше көңіл бөлген мемлекеттер бұл бағытта озық әрі қуатты технологияларды жасауға орасан зор қаржылық ресурстар бағыттап отыр. Алайда, мұндай технологиялық бәсеке тоқтамайды деп айтуға негіз бар.

Жалпы алғанда, ғылыми-техникалық прогресс өзінің шарықтау шегіне әлі жеткен жоқ. Демек, қоғам мен мемлекеттер жаңа ғылыми жетістіктер

арқылы әрі қарай дамып, жетіле береді. Әрине, ғылым мен техниканың қарқынды дамуы адамзат үшін үлкен игілік әкелуі мүмкін. Роботтандыру дәуірі, яғни адамның барлық салада роботтармен алмастырылуы – жақын болашақтың көрінісі. Дегенмен, ғылыми-техникалық прогрестің кері жағы да бар: ол ғаламдық апаттарға әкеп соғуы мүмкін.

Жаңа буындағы қарулар, сондай-ақ толыққанды және жергілікті соғыстарды жүргізудің әдіс-тәсілдері мен құралдары әскери қақтығыстарды мүлде жаңа әрі аса қауіпті деңгейге шығаруы ықтимал. Егер заманауи технологиялар басқа елдердің аумақтарын басып алуға бағытталған сыртқы саясаты бар мемлекеттер тарапынан белсенді пайдаланылатын болса, онда әскери қақтығыстар киберкеңістікке ауысуы әбден мүмкін. Бұл жағдайда, шешім қабылдау, жағдайды сараптау және басқа маңызды зияткерлік әрекеттерден адамды ығыстырумен қатар, бейбіт халық пен азаматтық нысандарға деген гуманистік көзқарастың да жоғалу қаупі туындайды.

Жаппай қырып-жоятын қару мен азаматтық және әскери нысандарды ажырата алмайтын қару түрлерінің жасалуы мен қолданылуы қазіргі әлем мен болашақ ұрпақ үшін шынайы қауіпке айналуда. Сондықтан жаңа қару түрлерін қолданудың заңдылығын бағалау және құқықтық тұрғыдан реттеу тек жекелеген мемлекеттердің ғана емес, бүкіл адамзаттың қауіпсіздігі тұрғысынан өмірлік маңызға ие. Себебі қазіргі заманғы соғыстарда жеңімпаз болуы екіталай, өйткені жаңа қару түрлері жаппай адам шығынына және планетамыздың экожүйесіне орны толмас зиян келтіруі мүмкін. Мұндай жағдайдан кейін Жер бетінде өмір сүру мүмкін болмай қалуы ықтимал.

Қосымша хаттама I-ге қатысушы мемлекеттер жаңа, бұрын белгісіз қару түрлерін немесе соғыс жүргізудің жаңа әдістерін қабылдаған кезде, Протокол нормаларына сүйенуі тиіс және бұл құралдардың халықаралық құжаттармен тыйым салынбағанын анықтауы қажет. Мемлекеттерге жаңа қару түрлеріне ішкі құқықтық сараптама жүргізу талабы халықаралық гуманитарлық құқық нормаларын сақтау міндеттемелерінен туындайды. Осы мақсатта МККК арнайы Нұсқаулық әзірлеген,

оның негізінде мемлекеттер жаңа әскери технологияларды әзірлеу мен іс жүзінде қолдану барысында гуманитарлық зардаптарды бағалайды және салыстырмалы қауіпсіздік деңгейін қамтамасыз етуге тырысады<sup>17</sup>.

Осылайша, жаңа технологиялармен жарақталған киберсоғыс құбылысы халықаралық құқық аясында құқықтық вакуумда емес, керісінше айқын белгіленген қағидалар мен ережелерге бағынады. Алайда, осы бұрыннан бар нормаларды киберкеңістікке бейімдеу белгілі бір қиындықтар туындатады және бірқатар маңызды сұрақтарды күн тәртібіне шығарады. Мұндай мәселелердің кейбірі бұрын қабылданған халықаралық шарттарды дәстүрлі түсіндіру және ақылға қонымдылық арқылы шешілуі мүмкін болса, ал басқаларына халықаралық ұйымдар мен жаһандық қауымдастық тарапынан нақты құқықтық реттеу қажет.

Қазіргі уақытта, қолда бар әскери арсеналдармен жүріп жатқан қарулы қақтығыстар халықаралық гуманитарлық құқық нормалары арқылы табысты реттелуде және әзірге айтарлықтай гуманитарлық апаттарға алып келмей отыр. Болашақта да осындай жағдай сақталады деген үміт бар. Алайда, адамзат трагедияларының әлеуеті орасан, және бұл әлеует барлық өмір саласында компьютерлік басқару жүйелеріне тәуелділіктің артуына байланысты күшейе түседі.

Осы орайда, мемлекеттердің жаңа қару түрлері мен соғыс жүргізу әдістері өздерінің халықаралық гуманитарлық құқық шеңберінде қабылдаған міндеттемелеріне сай келе ме – соны бағалауға құқықтық ғана емес, моральдық жауапкершілікпен де қарауы маңызды. Бұл, келешек ұрпақ алдындағы адамзаттың парызы.

#### Әдебиет тізімі:

1. Hruza P., Cerny J. Cyberwarfare. International conference knowledge-based organization // Cambridge University Press. 2017. № 1 (23). P. 147-160.
2. Jasmijn Boeken. Between the digital war and peace. Available from: <https://www.tandfonline.com/doi/full/10.1080/15027570.2024.2415201> (date of reference: 06.06.2025).
3. Saman R. The role of digital technologies in humanitarian law, policy and action: Charting a path forward // International Review of the Red Cross. 2020. № 102 (913). P. 1-22. Available from: [https://www.researchgate.net/publication/350143060\\_The\\_role\\_of\\_digital\\_technologies\\_in\\_humanitarian\\_law\\_policy\\_and\\_action\\_Charting\\_a\\_path\\_forward](https://www.researchgate.net/publication/350143060_The_role_of_digital_technologies_in_humanitarian_law_policy_and_action_Charting_a_path_forward) (date of reference: 06.06.2025).
4. Lord Alderdice J. New Technologies in wars, old and J. Lord Alderdice // New England Journal of Public Policy. 2024. Vol. 36: Iss. 1. Article 4. Available from: <https://scholarworks.umb.edu/cgi/viewcontent.cgi?article=1858&context=nejpp> (date of reference: 06.06.2025).
5. Cameron A. Defining cyberwar: towards a definitional framework // Defense & security analysis. 2021. № 3 (37). P. 274-294.
6. Laurent Gisel, Tilman Rodenha Knut Dormann. Twenty years on: International humanitarian law and the protection of civilians against the effects of cyber operations during armed conflicts. Available from: <https://international-review.icrc.org/sites/default/files/reviews-pdf/2021-03/twenty-years-ihl-effects-of-cyber-operations-during-armed-conflicts-913.pdf> (date of reference: 06.06.2025).
7. Daoust I., Coupland R., Ishoey R. New Wars, New Weapons? The Obligation of States to Assess the Legality of Means and Methods of Warfare // IRRRC. 2023. № 846 (84). P. 349.
8. Koutroulis V. The Martens clause. Available from: <https://www.oxfordbibliographies.com/display/document/obo-9780199796953/obo-9780199796953-0101.xml> (date of reference: 06.06.2025).
9. Darren M. Stewart. New technology and the law of armed conflict // International law studies. 2023. Volume 87. P.185-213. Available from: <https://digital-commons.usnwc.edu/cgi/viewcontent.cgi?article=1082&context=ils> (date of reference: 06.06.2025).
10. Kristian H. War, Artificial Intelligence, and the Future of Conflict. 2024. Available from: <https://gja.georgetown.edu/2024/07/12/war-artificial-intelligence-and-the-future-of-conflict/> (date of reference: 06.06.2025).

<sup>17</sup> New technologies and warfare // URL: <https://www.icrc.org/en/law-and-policy/new-technologies-and-warfare> (date of reference: 06.06.2025).

© Г.Т. Ищанова<sup>1</sup>, Н.Е. Байгелова<sup>2</sup>, Г.С. Калиева<sup>3</sup>, 2026

<sup>1,2,3</sup> Университет международного бизнеса имени К. Сагадиева, Алматы, Казахстан  
(e-mail: <sup>1</sup>Gulnar.ishchanova@mail.ru; <sup>2</sup>Nbaygelova@mail.ru; <sup>3</sup>Kaliev-gs@mail.ru)

## МЕЖДУНАРОДНО-ПРАВОВОЕ РЕГУЛИРОВАНИЕ ПРИМЕНЕНИЯ НОВЕЙШИХ ТЕХНОЛОГИЙ В СОВРЕМЕННЫХ ВООРУЖЕННЫХ КОНФЛИКТАХ

**Аннотация.** Настоящее исследование посвящено одному из актуальных вызовов, с которым сталкивается современное международное гуманитарное право в условиях стремительного развития науки и техники – внедрению новейших технологий в процессы создания и применения вооружений, а также в методы ведения вооружённых конфликтов. Научно-технический прогресс оказывает значительное влияние на все сферы общественной жизни, включая военную индустрию, которая активно использует его достижения. Появление в арсеналах государств высокотехнологичных видов вооружения с усовершенствованными характеристиками ставит перед международным правом задачи адаптации и совершенствования механизмов правового регулирования. Особенно актуальным становится вопрос правового охвата новых пространств ведения войны, таких как киберсфера. Несмотря на это, международное гуманитарное право сохраняет эффективные инструменты воздействия на государства, применяющие оружие новейших поколений. К таким инструментам относятся как закреплённые в международных договорах принципы гуманитарного права, так и международные правовые обычаи, обладающие универсальным характером и способные обеспечить регулирование вооружённых конфликтов как в настоящем, так и в будущем. Для раскрытия проблематики статьи были проанализированы международные правовые акты, заложившие фундамент современного международного гуманитарного права как права, регулирующего ведение войны. Цель исследования заключается в анализе текущей ситуации, связанной с применением передовых технологий в современных вооружённых конфликтах, и в оценке потенциала международного гуманитарного права по их правовому регулированию. Особое внимание уделено универсальным принципам ведения войны, обязательным для всех государств, вовлечённых в военные действия, прежде всего с целью защиты прав гражданского населения и обеспечения сохранности объектов гражданской инфраструктуры.

**Ключевые слова:** международное гуманитарное право; Женевская конвенция; новейшие технологии; правовое регулирование; вооруженный конфликт; компьютерные технологии.

© G.T. Ishchanova<sup>1</sup>, N.E. Baigelova<sup>2</sup>, G.S. Kalieva<sup>3</sup>, 2026

<sup>1,2,3</sup> K. Sagadiev University of International Business, Almaty, Kazakhstan  
(e-mail: <sup>1</sup>Gulnar.ishchanova@mail.ru; <sup>2</sup>Nbaygelova@mail.ru; <sup>3</sup>Kaliev-gs@mail.ru)

## INTERNATIONAL LEGAL REGULATION OF THE USE OF THE LATEST TECHNOLOGIES IN MODERN ARMED

**Abstract.** This study addresses one of the pressing challenges facing contemporary international humanitarian law in the context of rapid scientific and technological advancement – namely, the integration of cutting-edge technologies into the development and use of weaponry, as well as into methods of conducting armed conflicts. Scientific and technological progress significantly influences all spheres of public life, including the military industry, which actively adopts its achievements. The introduction of high-tech weapons with advanced capabilities into state arsenals poses considerable challenges for the legal regulation of armed conflicts under international law. Particularly relevant is the question of regulating new domains of warfare, such as cyberspace. Nonetheless, international humanitarian law retains effective mechanisms for influencing states that employ next-generation weapons. These mechanisms include both the codified principles of humanitarian law and customary international legal norms, which possess a universal character and can effectively regulate the law of armed conflict both now and in the future. To explore this topic, the study draws on international legal instruments that have formed the foundation of modern international humanitarian law as the law governing armed conflict. The aim of the research is to analyze the current situation concerning the use of advanced technologies in contemporary military conflicts and to assess the potential of international humanitarian law to regulate them. Special attention is given to the universal principles of warfare, which all states involved in armed confrontations are obliged to observe, primarily to ensure the protection of civilian populations and the preservation of civilian infrastructure.

**Keywords:** international humanitarian law; the Geneva Convention; the latest technologie; legal regulation; armed conflict; computer technology

### Авторлар туралы мәліметтер:

Ищанова Гульнар Тулемисовна – заң ғылымдарының кандидаты, Қ. Сағадиев атындағы Халықаралық бизнес университеті әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар кафедрасының доценті, Абай даңғылы, 8а, 050000, Алматы, Қазақстан.

ORCID <https://orcid.org/0000-0002-2912-2752>;

E-mail: [Gulnar.ishchanova@mail.ru](mailto:Gulnar.ishchanova@mail.ru).

**Байгелова Нургуль Елеусизовна** – хат-хабарларға арналған автор, заң ғылымдарының кандидаты, Қ.Сағадиев атындағы Халықаралық бизнес университеті әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар кафедрасының доценті, Абай даңғылы, 8а, 050000, Алматы, Қазақстан.

ORCID <https://orcid.org/0009-0005-8846-1366>;

E-mail: [Nbaygelova@mail.ru](mailto:Nbaygelova@mail.ru).

**Калиева Гульмира Садуакасовна** – заң ғылымдарының кандидаты, Қ.Сағадиев атындағы Халықаралық бизнес университеті әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар кафедрасының доценті, Абай даңғылы, 8а, 050000, Алматы, Қазақстан.

ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-6042-5965>;

E-mail: [Kalieva-gs@mail.ru](mailto:Kalieva-gs@mail.ru).

**Алғыс.** Авторлар сарапшылық пікірі мен сындарлы көзқарасы үшін рецензенттерге алғыс білдіреді.

**Дәйексөз келтіру үшін.** Ищанова Г.Т., Байгелова Н.Е., Калиева Г.С. Қазіргі заманғы қарулы қақтығыстарда жаңа технологияларды қолдануды халықаралық-құқықтық реттеу // Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институтының Жаршысы. Ғылыми-құқықтық журнал. 2026;81(1): 214-224. DOI – [https://doi.org/10.52026/2788-5291\\_2026\\_81\\_1\\_214](https://doi.org/10.52026/2788-5291_2026_81_1_214).

#### **Авторлардың қосқан үлесі:**

**Ищанова Г.Т.** – мақала жазудың жалпы жоспарын дайындады. Қарулы қақтығыстар барысында жаңа технологияларды қолдануды реттейтін халықаралық құжаттарды зерттеуін және жинауын жүзеге асырды. Жиналған материалдарды талдап, жүйеге келтірді. Мақаланың қорытынды бөлігін әзірлеуге қатысты.

**Байгелова Н.Е.** – қазіргі заманғы қарулы қақтығыстарда жаңа технологияларды қолдану мәселелерінің халықаралық-құқықтық реттелу дәрежесін анықтау мақсатында Женева конвенцияларын және оларға қосымша хаттамаларды зерттеді. Халықаралық құжаттарды салыстырмалы талдауды және оларды жүйелеуді жүзеге асырды. Мақаланың қорытынды бөлігін әзірлеуге қатысты.

**Калиева Г.С.** – халықаралық гуманитарлық құқықтың қазіргі жағдайына қатысты материалдар жинау жұмысын орындады. Сондай-ақ, зерттеу соңында қорытынды тұжырымдамаларды құрастыруға қатысты. Бүкіл мақаланы жалпы грамматикалық түзету жұмысын жүзеге асырды.

**Мүдделер қақтығысы туралы ақпарат.** Авторлар мүдделер қақтығысының жоқтығын туралы мәлімдейді.

**Қаржыландыру көзі.** Авторлар зерттеу жүргізу кезінде қаржыландырудың жоқтығын туралы мәлімдейді.

Мақала редакцияға келіп түсті: 06.11.2025; рецензиялаудан кейін келіп түсті: 08.12.2025; басып шығаруға қабылданды: 31.03.2026.

Авторлар қолжазбаның соңғы нұсқасын оқып, мақұлдады.

#### **Сведения об авторах:**

**Ищанова Гульнар Тулемисовна** – кандидат юридических наук, доцент кафедры социально-гуманитарных наук Университета международного бизнеса имени К. Сагадиева, проспект Абая, 8а, 050000, Алматы, Казахстан.

ORCID <https://orcid.org/0000-0002-2912-2752>;

E-mail: [Gulnar.ishchanova@mail.ru](mailto:Gulnar.ishchanova@mail.ru).

**Байгелова Нургуль Елеусизовна** – автор для корреспонденции, кандидат юридических наук, доцент кафедры социально-гуманитарных наук Университета международного бизнеса имени К. Сагадиева, проспект Абая, 8а, 050000, Алматы, Казахстан.

ORCID <https://orcid.org/0009-0005-8846-1366>;

E-mail: [Nbaygelova@mail.ru](mailto:Nbaygelova@mail.ru).

**Калиева Гульмира Садуакасовна** – кандидат юридических наук, доцент кафедры социально-гуманитарных наук Университета международного бизнеса имени К. Сагадиева, проспект Абая, 8а, 050000, Алматы, Казахстан.

ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-6042-5965>;

E-mail: [Kalieva-gs@mail.ru](mailto:Kalieva-gs@mail.ru).

**Благодарности.** Авторы выражают благодарность рецензентам за экспертное мнение и конструктивный подход.

**Для цитирования.** Ищанова Г.Т., Байгелова Н.Е., Калиева Г.С. Международно-правовое регулирование применения новейших технологий в современных вооруженных конфликтах // Вестник Института законодательства и правовой информации Республики Казахстан. Научно-правовой журнал. 2026;81(1): 214-224. DOI – [https://doi.org/10.52026/2788-5291\\_2026\\_81\\_1\\_214](https://doi.org/10.52026/2788-5291_2026_81_1_214).

**Вклад авторов:**

**Ищанова Г.Т.** – разработала общий структурный план статьи. Осуществила исследование и сбор международно-правовых документов, регулирующих применение новых технологий в ходе вооружённых конфликтов. Проанализировала и систематизировала собранные материалы. Приняла участие в подготовке заключительной части статьи.

**Байгелова Н.Е.** – с целью определения степени международно-правового регулирования применения новых технологий в современных вооружённых конфликтах изучила Женевские конвенции и Дополнительные протоколы к ним. Провела сравнительно-правовой анализ международных документов и осуществила их систематизацию. Приняла участие в подготовке заключительной части статьи.

**Калиева Г.С.** – осуществила сбор материалов, посвящённых современному состоянию международного гуманитарного права. Также приняла участие в формировании итоговых выводов исследования. Выполнила общую грамматическую и стилистическую редакцию всего текста статьи.

**Информация о конфликте интересов.** Авторы заявляют об отсутствии конфликта интересов.

**Источник финансирования.** Авторы заявляют об отсутствии финансирования при проведении исследования.

Статья поступила в редакцию: 06.11.2025; поступила после рецензирования: 08.12.2025; принята в печать: 31.03.2026.

Авторы прочитали и одобрили окончательный вариант рукописи.

**Information about authors:**

**Ishchanova Gulnar Tulemisovna** – Candidate of Law, Associate Professor of the Department of Social Humanities K. Sagadiev University of International Business, 8a, Abay Avenue, 050000, Almaty, Kazakhstan.

ORCID <https://orcid.org/0000-0002-2912-2752>;

E-mail: [Gulnar.ishchanova@mail.ru](mailto:Gulnar.ishchanova@mail.ru).

**Baigelova Nurgul Eleusizovna** – corresponding author for, Candidate of Law, Associate Professor of the Department of Social Humanities K. Sagadiev University of International Business, 8a, Abay Avenue, 050000, Almaty, Kazakhstan.

ORCID <https://orcid.org/0009-0005-8846-1366>;

E-mail: [Nbaygelova@mail.ru](mailto:Nbaygelova@mail.ru).

**Kalievа Gulmira Saduakasovna** – Candidate of Law, Associate Professor of the Department of Social Humanities K. Sagadiev University of International Business, 8a, Abay Avenue 050000, Almaty Kazakhstan.

ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-6042-5965>;

E-mail: [Kalieva-g@mail.ru](mailto:Kalieva-g@mail.ru).

**Acknowledgements.** The authors would like to express their gratitude to the reviewers for their expert opinions and constructive feedback.

**For citation:** Ishchanova G.T., Baigelova N.E., Kalieva G.S. International legal regulation of the use of the latest technologies in modern armed conflicts // Bulletin of Institute of Legislation and Legal Information of the Republic of Kazakhstan. Scientific and legal journal. 2026;81(1): 214-224. DOI - [https://doi.org/10.52026/27885291\\_2026\\_81\\_1\\_214](https://doi.org/10.52026/27885291_2026_81_1_214).

**Contribution of the authors:**

**Ishanova G.T.** – developed the general structural outline of the article. She conducted research and collected international legal instruments regulating the use of new technologies during armed conflicts. The collected materials were analyzed and systematized. She also contributed to the preparation of the concluding section of the article.

**Baigelova N.E.** – studied the Geneva Conventions and their Additional Protocols in order to determine the level of international legal regulation of the use of new technologies in contemporary armed conflicts. She carried out a comparative legal analysis of international documents and systematized them. She also participated in drafting the concluding section of the article.

**Kalievа G.S.** – collected materials related to the current state of international humanitarian law. In addition, she contributed to the formulation of the final conclusions of the study. She carried out comprehensive grammatical and stylistic editing of the entire article.

**Conflict of interest statement.** The authors declares that there is no conflict of interest.

**Funding.** The authors received no specific funding for this work.

Received: 06.11.2025; revised: 08.12.2025; accepted for publication: 31.03.2026.

The authors has read and approved the final manuscript.